

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№2 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***А. А. Алтаев**

Л. Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
*e-mail: altaevich_76@mail.ru

**НЕСІПБЕК АЙТҰЛЫНЫҢ ЖОҚТАУ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ
ОБРАЗДЫ АШУ ҚЫЗМЕТІ («РЫМҒАЛИ АҒАМЕН
ҚОШТАСУ» ӨЛЕҢІ НЕГІЗІНДЕ)**

Мақалада тәуелсіздік кезеңінің көрнекті ақыны Несіпбек Айтұлының жоқтау өлеңдерінің образды ашудағы қызметі талданады. Ақынның жоқтау өлеңдерінің кейіпкер бейнесін ашудағы қызметін талдауда «Рымғали ағамен қоштасу» деп аталатын жыры алынған. Ғалым Р. Нұрғалиге арналған жоқтауда ақынның қазақ фольклорындағы гұрыптық жанрлардың бірі жоқтаудың мазмұнын байыта түскендігі ашылған. Бұл қазіргі жоқтаудың жаңарған үлгілерімен салыстырыла қарастырылды.

Мақалада ақынның жоқтау өлеңінің көркемдік ерекшелігінің негізі – қоғам, табиғат және адам жаны аттанған белгісіз әлем туралы ойлардың сабақтастығы. Фольклордағы бар мазмұн негізінде ақын кейіпкердің бұл жалғандағы еңбектерін мадақтайды, ішкі толқыныстарын табиғат өзгерістерімен үйлестіреді. Қоғам мен табиғатқа да тұрақтай алмаған адам жанын белгісіз мекенмен байланыстырып, оның опасыздығымен түйеді. Жоқтау өлеңдерінің басты ерекшелігі де – өткен адамның ісін үлгі ету, насихаттау. Н. Айтұлы жоқтауында өкініш пен қайғы қапыда өлген кейіпкер үшін де, оны жоқтаушы үшін де жалғандығының мәні – жұмбақ әлемнің сыры болып қала береді. Өлеңнің көркемдігінің мәні де осында болса керек. Адам үшін белгісіз сырды таратып-тарапы, жауабын оқырманға қалдыруында болса керек.

Кілтті сөздер: жоқтау, кейіпкер, көңіл-күй, көш, күн, қайғы, мұң, зар.

Кіріспе

Фольклордағы жоқтау жырларының көркемдігі мен қоғамдық қызметі кейінгі авторлық туындылар арқылы да жаңғырып отыр. Солардың бірі – ақын Н. Айтұлының «Рымғали ағамен қоштасу» өлеңі. Өлең ғалым Рымғали

Нұрғали дүниеден өткен кезде жазылған. «Рымғали ағамен қоштасу» өлеңі жоқтау жырлары мазмұнындағы жеке бастың ауыр қайғысын, кейіпкер мен елі арасындағы үзілмейтін үлгілі ісін өрнекті кестемен өреді.

Материалдар мен әдістер

Қазақ әдебиетіндегі адам дүниеден өткенде айтатын жырды жоқтау жыры деп атайды. Ұлттық дәстүрдегі көне жанрлардың бірі жоқтау өлеңдерін кейінгі фольклорлық зерттеулерде ғұрыптық фольклордың мұн-шер өлеңдері қатарында береді [1, 5-8-б.б.]. Мұн шер өлеңдері қоғамдық сана, адамдар танымында өзгеріс болғанымен де, қазіргі әдебиетте де кең жазылуы – халықтың қайғы мен ішкі зарын сейілтуде әлі де сөз өнерінің аз болса да тірек болатындығы. Несіпбек Айтұлының шығармашылығында да жоқтау өлеңдері мол. Ақын өзі жақсы білетін, сырлас, ел алдындағы еңбектері мен беделі бар тұлғалар өмірден өткенде жазған «Бауырым (Дәлелханды жоқтау)», «Мираш аға (Мейрамбек Жанболатовтың рухына)», «Халқыңа керек едің (Ғабдолла Құлқыбаевтың рухына)», «Қазағы ұмытпайды», «Қуатқа көңіл айту» деп аталатын жырларында жоқтау жанрының сарыны құрылымында ғана емес, шешендік өрнектерді де дәстүрлі халықтық үлгіде қолдануымен сабақтас. Ақынның: «Тұңғыықтай бөлек едің, бауырым», «Жақсы атаның көзі едің ғой, бауырым», «Марғасканың өзі едің ғой, бауырым» («Бауырым (Дәлелханды жоқтау)») [2, 123-б.], «Жоғалтып күміс қанат алтын құсын» («Мираш аға (Мейрамбек Жанболатовтың рухына)») [2, 124-б.], «Шыққан күн шыр айналып демде багты» («Халқыңа керек едің (Ғабдолла Құлқыбаевтың рухына)») [2, 126-б.], «Жұлынбас жапырағы жан туған ба?» («Қуатқа көңіл айту») [2, 129-б.] деген жолдары қазақы жырдың ғасырлар бойы қалыптасқан өрнектерін ғана емес, ел танымын, халықтың дүние, тіршілік, өмір, жалған т.б. туралы сенімдерін ашады.

Мақала жазылу барысында тарихи-салыстырмалы, тарихи-функционалдық, нарративтік, аналитикалық, типологиялық т.б. ғылыми әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Несіпбек Айтұлы – қазақ әдебиетіндегі фольклорлық үлгілерді жаңа мазмұнда байытқан ақындардың бірі. Ақынның өлеңдеріндегі ұлттық өрнек жыр құрылысында ғана емес, сонымен бірге мазмұнды байытуда да көркемдік тәсіл ретінде алынады. Ақын шығармаларында ұлттық өрнекті фольклор жанрларын жаңғырта қолдануымен де береді.

Ақынның жоқтау өлеңдерінің өз ерекшеліктері бар. Әдетте, жоқтау өлеңдерін дүниеден өткен адамның ет жақыны, туған-туысы шығарады. Жоқтаудың жанрлық ерекшелігінің өзі де шығарушы – айтушы – жоқтаушы болып, жырдағы кейіпкер сезімін жеткізушілер көңіл толқындарынан өтуінде. Н. Айтұлының жоқтау жырлары елдің атынан айтылған, халық берген

бағаны жеткізген, дүниеден өткен адамның жақсы істерін кейінгіге үлгі етіп, өнеге тұтуды насихат еткен мазмұннан тұрады. Жоқтаудағы кейіпкер ел ойламаған тұста, ел-жұртынан алыста дүниеден өткен Сондықтан да жоқтаудағы ақынның қайғысын кейіпкердің елден алыста, атамекеннен жырақта қапыда дүниеден өтуі күшейтеді. Алысқа кеткен жақсы көрер ағасының қазасын естіген інінің зары жоқтаумен бірге дүниенің өтпелілігіне нәлудан да тұрады. Жоқтаудың әдеттегі, фольклорлық үлгідегі жоқтаулардан өзгеше шығуының да мәні – осында. Жоқтау жырларындағы көркемдік сезім мен көңіл күй толқыныстарын беруден ғана емес, жоқтауды айтушының қай уақытта, қашан айтуына да байланысты. Өлімді естіген сәттегі, жер қойнына беріп мәңгілікке қоштасқан кездегі, болмаса, мәйітті көрген шақтағы, жақын-туыстарымен жүздескен кездегі сезім күйлерінде күйініш пен зар түрлі-түрлі болады. Сондықтан да болар, қазақ фольклорында жоқтаудың түрлерінің өздері де бірнешеу. Зерттеуші М. Есентайқызы мен Б. Эрвқызы қазіргі қазақ халқында, соның ішінде Моңғолия қазақтарындағы жоқтаудың қайтқан адамға арнап жылқысын жығарда айтылатын жоқтау, мәйіт оң жақта жатқанда айтылатын жоқтау, сүйекті үйден шығарарда айтылатын жоқтау, қайтқан адамды жерлеп, сүйекшілер келгенде айтылатын жоқтау, марқұмның киімін таратарда айтылатын жоқтау деген түрлерін келтіреді [3, 314-б.].

Ақын «Рымғали ағамен қоштасу» деп аталатын жоқтауы 8 шумақтан тұрады. Осы шумақтардың әрбірінде ақын ғалымның ісін, өткен өмірінің жарқын беттерін, ел алдындағы еңбегін, артында қалған жақын-жуығының қайғысын, құрмет тұтар халқының бағасын айтады. Соңғы екі шумақта дүние мен тіршіліктің жалғандығы, өмірдің опасыздығы туралы пәлсапалық ой мен өкініш мен қысқа ғұмырдың адамға мезгілсіз, бейғам шақта соғар соққы екеніне налыған психологиялық күйзеліс бар.

Ақынның жоқтауларының мазмұнында күйзеліс, дүниенің өтпелілігі, өмірдің тез өтер жалғандығы туралы ойлар жырланады. Дегенмен әр жоқтауда жоқтаудың кімге, қалай, қандай жағдайда айтылуының да маңызы ерекше. Бұл көбіне-көп дүниеден өтер адамға арналған ақынның тікелей өзінің жоқтауы ма, әлде жұбатуы ма деген мәселеден де шығады. Мысалы, «Қуатқа көңіл айту» деген жырда сабырға шақыру, қайғыны басу, жұбату сезімі алға шыққан. Ақын баласынан айырылған әкеге көңіл айтып, ұрпақ қайғысының көтеруге тым ауыр салмағын да сездіре кеткенімен, Лұқпан Хакім, Абай, Кенен, Шыңғыс сияқты тұлғалардың да ажалға қарсы келе алмай жан балаларынан қанаттарынан айырылып, жүрегі қарс айырылған, зар илеген, еңірегенін зарлары өлгенше кеуделерінде шер болып қатып өткенін еске алады. Бірақ қандай мықты, қаһарлы болғанымен, жалғанда әмірлері жүргенімен, ажалға қарсы тұра алмаған шарасыздықтарын еске түсіріп, сабырға шақырады. Бұл жырда жоқтау мен көңіл айтудың элементтері

қатар түскен. Қайғыны көтеруші – дүниеден өткен адамның әкесі, ақын – көңіл айтып, сабырға шақырушы. Жоқтаудағы айтушы мен кімге арналғаны дегеннің де мәні бар. Жоқтауды екінші біреуге қарата айтқан тұста тоқтауға шақыру, сабыр қылуды өтіну болады. Жаратушы ісіне қарсылық білдіруге пенденің әлсіздігі айтылады. Бұның элементтері жоқтаудың фольклорлық үлгілерінде де бар. Сонымен бірге өзге халықтардың да жоқтауында да қайғының күші дүниеден өткен адамды жоғалтудың мәнімен де өлшенеді. Соған орай зерттеуші Коваль-Фучило Чернигов облысы Менский ауданы, Стольное аулынан жазып алған фольклорлық үлгілері бойынша талдай келіп, жоқтаудың типтерінің бірі деп, алдын ала ойластырылған, дайындалған, жазылған жырларды айтады [4, 134–135-бб.].

Жоқтауды айтудың алдында дайындалу, болмаса, дайын үлгілерді қолдану бұрыннан да бар. Н. Айтұлының «Рымғали ағамен қоштасу» жырыда автордың арнайы шығарған жоқтауы. Жоқтаудағы драматизм ақынның жақсы көретін ағасының қайғылы қазаға ұшырағанын естуінен басталады. Қазақ танымы бойынша өлген адамның жаны белгілі бір уақыттарға дейін жақындары мен туысқандарының маңында болады [5, 112-б.]. Сол себептен де болса керек, жоқтау өлеңдерінде сол адамға айта алмаған, айтуы керек ішкі зар мен мұң, қайғы жырда толық көрініс береді.

Шалқыған нұр сөнгенмен жүзіндегі,

Ағатай, үлгің өшпес ізіндегі.

Қапыда қиын болды-ау ғұмырыңның

Домбыра ішегіндей үзілгені [2, 120-б.].

Жоқтау қимас ағаның өмірден өтуін метафорамен жеткізген көркемдік үлгісімен бейнелі. Фольклордағы:

Аққу ұшып көліне кетті,

Ақсұңқар ұшып шөліне кетті

Ол адасып кеткен жоқ,

Әркім бабар жерге кетті, – дейтін ғұрыптық жырлардағы жолдармен сабақтасады.

Ақын қайғы үстінде жиналып келген екіұдай сезімді қатар береді. Қапыда айырылған азаматқа қайғыру мен ісінің, өнегесінің өшпестігі қатар айтылады. Келесі шумақта қайғыны сейілткісі келген ақын қаза неден болды, қалай болды деген сұрақтарға жауап іздеуінен тұрады. Ақын қазаның себебін жөнсіз шыққан жолдан көреді. Ажалға себепкер болған жайды тапқандай болған ақын келесі жолдарда Рымғали Нұрғалидің азаматтық келбетін, адамшылық бейнесін береді. «Сен едің қара тілді, айыр көмей, Бүгіннің Қаздауысты Қазбегі».

Жоқтаудағы кейіпкердің бейнесін ашуда көркемдік мол қолданылады. Ақынның тіліндегі метафоралық қолданыстар мен антитеза, У. Уитменнің

«О, капитан, менің капитаным!» («O, capitán, my capitán») деп аталатын өлеңінде персонификацияны адамның қасиеттерін ашу үшін қолданылатындығын айтады. Ақын жағалауды А. Линкольнді күткен адамдар, олар жеңісті тойлауға асығып жатыр деп талдайды [6]. Жағалау Тынық Мұхитының жағалауындағы Америка үшін даралау құралы болса, қазақ жырларының өз даралаушы құралдары бар. Н. Айтұлы көш сөзін алады. Көш сөзі жай ғана арттағы елі дегенді білдіріп қоймайды. Көш – қазақ үшін киелі ұғым. Көш бастаушы, көшелі көсемнің аман болуы елдің дұрыс бағытқа бет ала алуының белгісі. Сондықтан да:

Қаратаудың басынан көш келеді,

Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,

– дейтін «Елім-айдағы» көш [7, 9-б.] ақын жырында жаңа бейнеге ауысқан.

Елес боп жарқын бейнең нар тұлғалы,

Шұбырып көшің қалды артыңдағы.

Ақынның айтып отырған көші – ғалымның артында қалған әлі де мол зерттеуді күтіп тұрған еңбектері. Н. Айтұлының жоқтауы жақсы көрер ағасынан қапыда айырылған Махамбеттің Исатайды жоқтаған «Мұнар күнді» де еске салады.

Махамбетте қайғы-қасіретті әкелген күнге нала айтқан психологиялық зар мен күйзеліс қатар тұр. Махамбет қасіреті биікке көтерген батыр тұлғаны ел қажетіне, халық бақытына керек тұста айырылуына ыза да бар.

Мұнар да мұнар, мұнар күн,

Бұлттан шыққан шұбар күн,

Буыршын мұзға тайған күн,

Бура атанға шөккен күн [8, 61-б.].

Махамбетте эпифора мен анафора – қайғының күшін қоюлату құралы. Мұнарлану да, бұлттың шұбарлануы да, буыршынның мұзға таюы да, бураның атанға шөгуі де – күнге байланып тұр. Ақын қайғының кінәлісі етіп күнді алады. Махамбет өлеңдеріндегі көркемдік құралдарды қолдану үлгісі фольклордағы жоқтаудың қысқа түрлері екендігін ғалым Қ. Жұмалиев те айтады [5, 107-б.]. Махамбеттің өлеңіндегі «күнді» өзгешелеу оның синтаксистік құрылымымен де байланысты екендігін ғалым Қ. Өміралиев айтады [10, 262-б.].

Бұл барлық халықтарда бар. «Қаралы күн», «траурный день» дейтін тіркестер осы халықтың қайғы болатын күннің алдын-ала болжануы, байқалуына сенімнен туған.

Сол таным Н. Айтұлы жырында да бар:

Қайғынды көтер алмай эзер тұрмын,

Түнеріп төбемдегі жайнаған күн [2, 120-б.].

Қазақ жоқтау жырларына тән кейіптеу, синекдоха, метонимиялар бір шумақта қабаттасып келіп жырдың көркемдігін ғана емес, ақын қайғысының зарын да зорайтады.

Күңіреніп Алматың да, Астанаң да,
Аңырап қала берді баспанаң да.
Бақыттан бал құятын тостағанға,
Қызығың көп еді ғой тосқан алда [2, 120-б.].

Жоқтау, қоштасу жырларындағы ең негізгі идея – көркем бейненің өмірден өткеніне қайғырумен бірге ел жақсылығы үшін бастаған, жүргізіп жатқан істерінің жалғасына деген күмән мен өкініш қатар өріледі. Өзгелерден ақылы мен ойы ілгері кейіпкердің атқарған істерін мадақтау мол. Мадақтауда көркемдеу ғана емес, баяндау да бар. Ғалымның еткен еңбектерінің мәні мен қасиеті, әлі де алдағы жоспарлары туралы баяндау көркем астармен берілген.

Қазақ әдебиетіндегі жоқтаудың психологиялық иірімдерін қоғам – табиғат – адам жаны аттанған келесі әлем туралы ойлардың сабақтасуы да көркемдей түседі. Қоғам суреттері кейіпкердің жұрт бақыты үшін атқарған еңбегінің жемісінен көрінсе, артында қалған ізі – қоғам мен табиғат, табиғат пен келесі әлемді жалғастырушы символ. Ғұмыр осы әлемде үзіледі. Из – жақсыны ары қарай жалғастырады. Жоқтаудың ең негізгі оқиғаға ұластырар тұсы да – ғұмырдың үзілуі. Ақын Р. Нұрғали туралы жоқтау өлеңінде ғалымның тірліктегі баянды ғұмырын, ел алдындағы мол еңбегін жырлайды. Ал жырдың соңында соншама еңбек еткен жанның халқымен қоштаса алмай, өмірден өтуіне деген өкініші басып кетеді. Осы өкініші тірліктің жалғандығына сендіреді.

Ақын жоқтауында Рымғали Нұрғалидің тірліктегі еңбектерін мадақтайды. Мезгілсіз өтуіне қайғырған ақын сезімі (жердің күңіренуі, көк дауылдай ұйытқыған қасірет, түнерген күн, дөңгелеп зыр айналған ай мен жұлдыз) табиғатпен сабақтаса көркем кестеге түседі. Қоғам мен табиғатқа да тұрақтай алмаған адам жанын белгісіз мекенмен байланыстырып, опасыз жалғанмен түйеді. Жоқтау өлеңнің өзінің негізгі идеясы да – дүниеден өткен адамның жақсы істерін айтып, артында қалған өнегесін үлгі ету. Өкініші пен зар қатар жүретін жоқтаудың мұраты да – ісінің жалғасын табуы. Сондықтан да жалғасын табарына сенім күшті болса, үміт жеңеді. Ал жоқтауда бастаған ісін тек өзі жалғастыруы керек десе, күдігі мол болады. Н. Айтұлында екіншісі басым.

Қорытынды

Ақын Несіпбек Айтұлының «Рымғали ағамен қоштасу» өлеңінің басты идеясы ел тәуелсіздік алып, мемлекет өз ғылымының еркін даму бағыттарын анықтап, кең көлемде зерттеуді қолға алған тұста берері мол ғалым ағасының қапыда дүниеден өтуіне деген өкінішін берген.

«Н. Айтұлы – қазіргі қазақ қоғамында қалыптасқан өзекті мәселелер, ұлтымыздың болашағы мен бүгінгі күніне әсер ететін көкейкесті оқиғалар туралы сергек пікір білідіретін» [11, 16-б.] ақынның ұлттық жырды жанрлық жағынан жаңғыртуының үздік үлгісі.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана : Фолиант, 2013. – Т. 91: Ғұрыптық фольклор: Мұң-шер өлеңдері. – 432-б.

2 **Айтұлы, Н.** Шығармалары. 7 томдық. Т. 6. Өлеңдер, толғаулар, балаларға арналған өлеңдер, ертегілер және аудармалар. – Астана : Фолиант, 2015. – 456-б.

3 **Есентайқызы, М., Эрвқызы Б.** Жоқтау – ел қазынасы // Журналда: Известия вузов Кыргызстана. – 2021. – № 3. – 336-б. – <https://doi.org/10.26104/IVK.2019.45.557>.

4 **Коваль-Фучило.** Особенности бытования причетной традиции на Черниговщине // В журнале: Традиционная культура. – 2015. – № 2 (58) – 190 с.

5 **Толеубаев А. Т.** Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – начало XX в.) – Алматы : Ғылым, 1991. – 214 с.

6 **Howard Allen** Analysis and Summary of «O Captain! My Captain!» by Walt Whitman JUN 21, 2022 [Electronic resource]. – <https://owlcation.com/humanities/analysis-poem-o-captain-my-captain-walt-whitman>

7 **Дауылпаз баба** – Қожаберген / Құрастырушы А. Тасболатов. – Алматы : Мектеп, 2011. – 460-б.

8 **Өтемісов Махамбет** Жыр – семсер. Өлеңдер. – Алматы : Жазушы, 1979. – 136-б.

9 **Жұмалиев Қ.** XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы : Ғылым, 1975. – 437-б.

10 **Өмірәлиев Қ.** Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст. : ф.ғ.д. Ғ. Өнес және Ж. Қ. Ибраева. – Алматы : Абзал-Ай, 2014. – 640-б.

11 **Тойшанұлы А.** Елдік пен ерлік жыршысы // Кітапта: Айтұлы Н. таңдамалы. Өлеңдер мен поэмалар. – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2020. – 480-б.

References

1 Babalar sozi: Zhuztomdyk [Word of ancestors : Centenary]. – Astana : Folio, 2013. – Vol. 91: Guryptyk folklor: Mun-sher olenderi [Ritual folklore : poems of sadness-Cher]. – p. 432.

2 **Aituly, N.** Shygarmalary. 7 tomdyk. T.6. Olender, tolgaular, balalarga arналған olender, ertegiler zhane audarmalar [Works Of Aituly N. In 7 volumes. Vol. 6. Poems, reflections, poems for children, fairy tales and translations]. – Astana : Folio, 2015. – P. 456.

3 **Yessentaykyzy, M., Erevkyzy B.** Zhoktau – el kazynasy [Lament – the treasure of the country] // In: Izvestia vuzov Kyrgyzstan. – No. 3. – 2021. – p. 336. – <https://doi.org/10.26104/IVK.2019.45.557>

4 **Coval-Fuchilo** Osobennosti bytovania prichetnoy tradicii na Chernigovshine [identity of the use of traditional customs in Chernihiv] // In: Traditional culture. – No. 2 (58). – 2015. – p. 190

5 **Toleubaev, A. T.** Relikty doislamskix verovaniy v semeynoy obruadnosti kazakhov (XIX nachalo – XX v.) [Relics of pre-Islamic beliefs in the family rituals of the Kazakhs (XIX – early XX century)]. – Almaty : Science, 1991. – P. 214

6 **Howard Allen** Analysis and Summary of «O Captain! My Captain!» by Walt Whitman JUN 21, 2022. [Electronic resource]. – <https://owlcation.com/humanities/analysis-poem-o-captain-my-captain-walt-whitman>.

7 **Daulpaz Baba** – Kozhabergen / kurasturushy A. Tasbulatov [Kozhabergen / Designer A. Tasbulatov]. – Almaty : School, 2011. – P. 460.

8 **Utemisov Makhambet** Zhyr-semser. Olender [The song is a sword. Poems]. – Almaty : Writer, 1979. – P. 136.

9 **Zhumaliyev, K.** XVIII-XIX gasyrlardagy qazaq adebiyeti [Kazakh literature of the XVIII – XIX centuries]. – Almaty : Science, 1975. – P. 437.

10 **Umiraliyev K.** Qazaq tili biliminin maseleleri [problems of Kazakh linguistics] / comp.: Anes and ZH. K. Ibraeva. – Almaty : Abzal-AI, 2014. – P. 640.

11 **Toishanuly, A.** Eldik pen erlik zhyrshysy [The poet of country and courage]// in the book : Aituly N. selective. Poems and poems. – Nur-Sultan : Folio, 2020 – P. 480.

13.10.23 ж. баспаға түсті.

10.03.24 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. А. Алтаева*

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева
Республики Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 13.10.23.

Поступило с исправлениями 10.03.24.

Принято в печать 03.06.24.

ЗНАЧЕНИЕ РАСКРЫТИЯ ОБРАЗА В СТИХОТВОРЕНИЯХ СКОРБИ НЕСИПБЕКА АЙТУЛЫ (НА ОСНОВЕ СТИХОТВОРЕНИЯ «ПРОЩАНИЕ С БРАТОМ РЫМГАЛИ»)

В статье анализируется творчество выдающегося поэта периода независимости Несипбека Айтулы в раскрытии образа в стихотворениях скорби. Для анализа творчества поэта в раскрытии образа героя взята поэма «Прощание с братом Рымгали». В трауре, посвященном ученому Р. Нургали, было обнаружено, что один из ритуальных жанров казахского фольклора обогатил содержание стихотворений скорби. Это сопоставимо с обновленными образцами современных стихотворений скорби.

В статье подчеркивается, что в основе художественной специфики стихотворения скорби поэта лежит преемственность представлений об обществе, природе и неведомом мире, в который отправилась человеческая душа. На основе данного содержания в фольклоре поэт восхваляет труды героя в этом лживом мире, приводит в согласие внутренние волнения человека с изменениями природы. Человек, не нашедший своего места ни в обществе, ни в природе, связывает свою душу с неизвестной местностью, связывая ее с ее неверностью. Главная особенность стихотворений скорби – это популяризация, пример прошлых дел человека. В стихотворениях скорби Н. Айтулы тайной остается суть загадочного мира, которая заключается в том, что раскаяние и печаль ложны как для героя, так и для оплакивающего его. В этом, думаем, и заключается смысл художественной выразительности стихотворения. Открывая человеку тайну, автор, вероятно, предлагает читателю самому дать ответ.

Ключевые слова: скорбь, герой, настроение, прощание, день, печаль, тоска, страдание.

*А. А. Altayev

L. N. Gumilyov Eurasian National University
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 13.10.23.

Received in revised form 10.03.24.

Accepted for publication 03.06.24.

**THE SIGNIFICANCE OF IMAGE DISCLOSURE
IN NESIPBEK AYTULY'S POEMS OF SORROW
(BASED ON THE POEM «FAREWELL TO BROTHER RYMGALI»)**

The article analyses the work of the outstanding poet of the period of independence Nesipbek Aituly in revealing the image of poems of sorrow. To analyse the poet's work in revealing the image of the hero, the poem «Farewell to brother Rymgali» is taken. During the mourning dedicated to the scientist R. Nurgali, it was discovered that one of the ritual genres of Kazakh folklore enriched the content of poems of sorrow. This is comparable to the updated samples of modern verses of sorrow.

The article emphasises that the artistic specificity of the poet's poem of sorrow is based on the continuity of ideas about society, nature and the unknown world into which the human soul went. Based on this content in folklore, the poet praises the hero's works in this deceitful world and reconciles man's inner unrest with changes in nature. A person who has not found his place either in society or in nature connects his soul with an unknown area, linking it with its infidelity. The main feature of the verses of sorrow is popularization, an example of a person's past deeds. In the verses of N. Aitula's grief, the essence of the mysterious world remains a mystery, which lies in the fact that repentance and sadness are false for both the hero and the mourner. This, we think, is the meaning of the artistic expressiveness of the poem. By revealing a secret to a person, the author probably invites the reader to answer himself.

Keywords: sorrow, hero, mood, farewell, day, sadness, longing, suffering.

Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz